

Практикадан өтудің
бағдарламасы мен
әдістемелік нұсқаулардың
Титул парағы



Нысан
ПМУ ҰСН 7.18.04/11

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Психология және педагогика кафедрасы

5В010300-Педагогика және психология мамандығы студенттері үшін
педагогикалық (үздіксіз) практикасын өту бойынша
БАҒДАРЛАМА ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Павлодар

Практиканы өту,
практикалардың бағдарламасы
бойынша бағдарлама және
әдістемелік нұсқаулардың
парағы



Нысан
ПМУ ҰСН 7.18.04/11

Бекітемін

ОІ бойынша проректоры
_____ ПфейферН.Э.

«___»_____20__г.

5В010300-Педагогика және психология мамандығы студенттері үшін
педагогикалық (үздіксіз) практикасын өту бойынша

БАҒДАРЛАМА ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Бағдарлама ҚР Үкіметінің, 23.08.2012 ж. №1080 бабымен бекітілген жоғары
білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен ҚР ҰҚ 17 мамыр
2013 ж., №499 бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі
мекемелердің іс әрекетінің типтік ережелері негізінде құрастырылған.

Құрастырушы: _____ аға оқытушы, пед магистрі Жомартова А.Д.

Психология және педагогика кафедрасы

Кафедра отырысында ұсынылған, «___»_____20__ж. №___хаттамасы

Кафедра меңгерушісі _____Бурдина Е.И. «___»_____20__ж

ГПФ ОӘК мақұлдаған «___»_____20__ж. №___Хаттамасы

ОӘК төрайымы _____Ксембаева С.К.«___»_____20__ж.

КЕЛІСІЛДІ

Факультет деканы _____Сарбалаев Ж.Т. «___»_____20__ж.

МАҚҰЛДАНДЫ:

КПЖЖОБ бастығы _____Жанпеисова З.М.«___»_____20__ж.

ОӘБ бастығы _____Жуманкулова Е.Н. «___»_____20__ж.

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесі мақұлдады:

«___»_____20__ж. №___Хаттамасы

Педагогикалық(үздіксіз) тәжірибенің мақсаты мен міндеттері

Болашақ 5B010300- Педагогика және психология кәсібінің бакалавр мамандығы бойынша педагогикалық тәжірибе дайындықта аса маңызды орын алады.

Практика жоғары білікті мамандарды дайындаудың маңызды бөлігі болып табылады, практика базасы болып табылатын сәйкес ұйымдарда, кәсіпорындарда, мекемелерде, мектептерде өткізіледі.

Практика болашақ мамандарды кәсіби іс әрекетінің теориялық және практикалық дайындық бірлігін қамтамасыз етуге арналған. Практика мазмұны, түрлері мен мерзімдері дайындық бағытымен, мамандықпен, жұмыс оқу жоспарларымен, оқу процесінің кестесімен және практика бағдарламаларымен анықталады.

Практика мақсаты: білім қызметінің барлық типтері мен субъектілеріне білім мекемелерінің нақты сұраныстарына қарай отырып және білім саласы үшін мамандардың теориялық және практикалық дайындығының деңгейін және мазмұнын анықтауда концептуалды қағидалар негізінде кадрларды сапалы дайындау міндеттерін іске асыра отырып таңдаған кәсібінде бәсекелесе алатын маман қалыптастыруға көмектеседі.

Практиканың жалпы міндеттері нәтижесінде студенттер білуі керек:

- мамандық бойынша теориялық мәліметтерді бекіту;
- оқушыларының жас ерекшелігіне байланысты зерттеу дағдылармен білім беру процесін қалыптастыру;
- мәселелерді теориялық зерттеу, өндірістік процестер мен байланысты практикалық икемдерді игеру;
- берілген білім беру мекемесінде алған білімін пайдаланып, тәжірибеде пайдалану;
- психология пәні мен өткен психологиялық курстар бойынша білімдерін қалыптастыру;
- өзінің кәсіби қасиеттерін қалыптастыру мен дамыту.

Оқу және кәсіптік практиканы ұйымдастыру барлық кезеңдерде студенттердің кәсіптік қызметін түлекті дайындау деңгейінің талаптарына сәйкес үздіксіз және бірізді игеруді қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Оқу және кәсіптік практика үздіксіз цикл ретінде және практика мазмұны мен теориялық оқыту арасында байланыс қамтамасыз етілген жағдайда күндер (апталар) бойынша теориялық сабақтармен кезектесу арқылы іске асырылады.

Студенттердің педагогикалық практикасы негізінде психология-педагогикалық пәндерге тереңдету және баю жатқан кәсіби қызметтің қалыптасуына, кәсіби дағдылар мен икемдерді игеру, кәсіби-жеке сапалардың дамуына көмектеседі.

Практика студентке келешектегі іс әрекеттің саласында педагог жұмысының міндеттерімен және мазмұнымен танысуға, институтта теориялық және практикалық құжаттарды оқығанда алған білімдерін, икемдерін және дағдыларды тереңдетуге және бекітуге мүмкіндік береді. Болашақ педагог практикалық іс әрекетінің объектісі оқу-тәрбие қызметінің

әртүрлі салаларында және оқушылардың мінез-құлқында көрінетін психология-педагогикалық құбылыстарды, процесстерді, жағдайлар болып табылады.

Педагогикалық практиканың бағдарламасы арқылы білім алушылардың кәсіби мәдениеттік құзыреттілігінің ерекшеліктері:

- теориялық қағидалар бойынша ғылыми ойлаудың мәдениетін жалпылау, саралау, жинақтау;

- кәсіби тәжірибе бойынша шешім қабылдауда әртүрлі әдіс пен тәсілдерді пайдалану;

- кәсіби шешімдерді қабылдайтын теориялық және ғылыми тәжірибеде қолданатын тәсілдерді саралау, жетілдіру;

- өзіндік эмоционалдық психикалық күйін қалыптастыру;

- ерекше жағдайларда ұйымдастыру-басқармалық шешімді қабылдап, жауапкершілікпен қарау;

- кәсіби шешімді қадылдағанда, мақала жазғанда, есеп беруде, қорытынды шығарғанда да ақпараттық ізденістер мен библиографиялық жұмыстарды өткізу;

- ақпараттық басқару үшін компьютермен жұмысты жүргізіп, негізгі әдістер мен тәсілдерді пайдалану;

- Ғаламтор жүйесі және инновациялық технологияларды мамандығы бойынша пайдалану;

- Кәсіби коммуникация мен кәсіби әрекеттерінде шетел тілдерін пайдалану;

- Өз әрекетінде стандарттың құқықтық құжаттарын қолдану;

- Денсаулық пен дене шынықтыруына байланысты әдіс-тәсілдерді дұрыс және орнықты пайдалану.

Кәсіби құзыреттілігінің ерекшеліктері:

Практика бағдарламалары кафедрамен мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар негізінде түлектерді дайындаудың мамандандырылуын, кәсіп орынғы мекемелер, ұйымның, практика объектісін, жұмыс беруші талаптарын есепке ала отырып жасалады. Тәжірибе бойынша дайын болу:

- әртүрлі әрекеттер мен кәсіби қауіптік жағдайда стандарттық бағдарламаларға сәйкес болу;

- психодиагностикалық әдістерді саралау және мақсатына сай қолданып, кейінен математикалық статистикалық өндеуді қалыптастыру;

- кәсіби шеберліктің белгілі бір ала бойынша талдау;

- арнайы әдістемелер мен технологиялар бойынша жеке адамға, топқа психологиялық көмек көрсетіп, мақсатқа жету;

- адамның әдеуметтік, кәсіби, этникалық, жас ерекшелігіне, даму дағдарысына байланысты психикалық жағдайын айқындау;

- адамның ойлау, мотивациялық-жігерлігі бойынша психикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу;

- адамның психикалық ерекшелігіне байланысты даму деңгейін динамикасын анықтау мен болжаудың өзгеруіне дайын болу;

- магистр және психолог мамандығына әркезде көмек көрсету.

Ғылыми- зерттеу жұмысы:

Ғылыми зерттеу жұмысының ерекшеліктеріне дайын болу:

- психиканың дамуындағы әртүрлі әдіс-тәсілдерді, заңдылықтарды, психологиялық ерекшеліктерді ескеріп, психология пәні бойынша алған білімдерін пайдалану;

- ғылыми- ізденіс және тәжірибе жұмысы бойынша дұрыс кәсіби мақсаты мен міндеттерін қоя білу, оларды нақты түсіну;

- психология ғылымы бойынша әртүрлі ғылыми- тәжірибелік салаларға қатысып, өз білімі мен дағдысын көрсете білу;

- белгілі бір психологияның саласында зерттеу жұмысты жүргізу;

- денсаулығына байланысты және мүмкіндігі шектеулі адамдармен кәсіби білім беру мен әлеуметтендіруге байланысты қызмет көрсету;

Педагогикалық жұмыс:

- жалпы білім беру саласына үлесін қосу;

- саралама және тәжірибелік жұмысына дайындалып, қатысу;

- адамның психологиялық әрекетінің тиімділігіне байласты дидактикалық тәсілдерді пайдаланып, сауықтыру, білім беру баяндамаларды пайдалану;

- өзіндік кәсіби білім көтеру;

- қоғамдағы психологиялық мәдениетінің деңгейін жоғарлануына байланысты білім тарату;

Ұйымдастыру-басқару жұмысы:

- еңбек еткен ұжымның қарам- қатынасының түрлерін саралау;

- өндіріс барысын жақсартатын психологиялық жағдайды жасау;

- қызметкерлердің денсаулық сақтау мен өсу деңгейіне байланысты психологиялық технологияларды іске асыру.

БББ бакалавриятында педагогикалық тәжірибенің орны:

-Практика студентке келешектегі іс әрекеттің саласында педагог жұмысының міндеттерімен және мазмұнымен танысуға, институтта теориялық және практикалық құжаттарды оқығанда алған білімдерін, икемдерін және дағдыларды тереңдетуге және бекітуге мүмкіндік беріп, кәсіби жұмысымен бастапқы танысуы;

-Болашақ педагог практикалық іс әрекетінің объектісі оқу-тәрбие қызметінің әртүрлі салаларында және оқушылардың мінез-құлқында көрінетін психология-педагогикалық құбылыстарды, процесстерді, жағдайларды қарастырып, өз зерттеу жұмысының негізгісін жинайды.

Пререквизиттер: педагогикалық практикамен таныстыру болашақ мұғалім қызметіне студенттерді дайындаудың маңызды кезеңі болып табылады. Практика студентке болашақ қызмет аясының мазмұнымен және міндеттерімен танысуға мүмкіндік береді, институтта алған теориялық және практикалық курстардағы білім мен білікті, дағдыларды тереңдетуге және бекітуге үйретеді, жағдай жасайды. Ұжымның әлеуметтік – психологиялық және оқушылардың жас шамасымен жеке дара ерекшеліктерін ескеріп ҚР-дағы тәрбие тұжырымдамасынан шығатын, нақтылы оқу-тәрбие міндеттерін анықтайды: педагогика, психология, педагогиканы оқыту әдістемесі, психологияны оқыту әдістемесі.

Постреквизиттер: Педагогикалық практиканы өту барысында жиналған материалдарды студент-практиканттар “Өндірістік практика” және “диплом алдындағы практика” оқу курстарының сабақтарында сонымен қатар психолого-педагогикалық пәндер бойынша курстық жұмыстар және рефераттар жазған кезде қолдана алады.

Педагогикалық тәжірибенің өткізу мерзімнің кестесі: (жалпы 150 сағ.)

Прак. аптасы	Жұмысының мазмұны	Әдіс-тәсілдері	Есеп беруі
1 апта	Тәжірибе өтілген білім беру мекеменің ерекшелігімен танысу	педагогикалық практиканың басшылары мен әдіскерлерімен танысу; қалалық білім беру мекемелерге бару, басшыларымен танысу; студенттерді топтарға бөлу; студенттерді педагогикалық практиканың міндеттерімен таныстыру. -негізгі психологиялық мәселелерді анықтау	Күнделікті толтыру
1 апта	ББ мекеменің оқытушыларының қызметтерімен танысу	Мектептің әкімшілігімен, мұғаліммен, психологтармен әңгімелесу, кабинетпен, сынып оқушыларымен танысу; Сабақтарға қатысу; сабақтың психологиялық талдауын жасау;	Күнделікті толтыру
2 апта	ББМ сабақтан тыс іс-шараларды реттейтін құжаттармен танысу	практиканы өткізудің жеке жұмыс жоспарын құрастыру; қазіргі бар жұмыс жоспарымен танысу (жылдық, айылық және	Құжаттарды белгілейтін дәптерге жазу

		күндік); мемлекеттік стандарт, бағдарлама, концепция, конвенцияларды оқып шығу; бақылау мақсатында сабақтарға қатысу;	
3 апта	Тақырып бойынша психология пәніне байланысты сабақ жоспарын құру, өткізу	6 сабақтан кем болмасын; Тақырыпты психологиялық жас ерекшелігіне байланысты құру; Психология пәні бойынша өткізу.	Өткізген сабақ жоспарлары
4 апта	Сыныптың, топтың ұжымын бақылау. Оқушыла рдың бір-бірімен қарым-қатынасын зерттеуәдіс- тәсілдерін меңгеру. Ұжымның социометриялық зерттелерін жүргізу.	Алған білімдерін тәжірибеде пайдалану, бір- біріне қарым-қатынасты зерттейтін тәсілдерді педагогикалық күнделікте талдап жазу Топтың педагогикалық меніздемеелерін құрастыруы	Топқа мінездемелер жазу, есеп беруде зерттеудің нәтижесін көрсету
4 апта	Оқушылардың амандық- саулық өмір салтын қалыптастыру	Әртүрлі жағымсыз әдеттер туралы әңгімелесу; амандық- саулық өмір салты туралы сабақтан тыс жұмыстарды жүргізу	Сабақтан тыс жұмыс дәптеріне конспектiлеу
5 апта	Тәрбиелік шараларды өткізетін дағдыларын қалыптастыру	-тәрбиелік шараларды көру, талдау; -сынып сағатына керекті көрнекі құралдарды дайындау; -өзін-өзі пәніне арналған тәрбиелік сағатын өткізу, өз-өзіне талдау жасау.	Сабақ берудің талдауы, көрнекі құралдардың нұсқаулары, тәрбиелік сағатының жоспары
5 апта	Сабақтан тыс шараларға дайындық жасау	-ашық сабақтарды ұйымдастыратын және өткізу әдіс-тәсілін айқындайтын тәжірибе жетекшінің ақыл- кеңесі -ашық сабақтың сабақ жоспарын дайындау; -қажетті көрнекі құралдарды дайындау.	көрнекі құралдардың нұсқаулары, ашық сабақтың жоспары
6 апта	Ашық сабақтарды дайындау және	өз ашық сабағының талдауын жасау;	Өзінің және басқалардың

	өткізу. Бір-бірінің сабағына қатынасуын ұйымдастыру	-басқалардың ашық сабақтарына қатынасу	сабақтарына саралау, талдау жасайтын күнделігі
6 апта	Өз педагогикалық жұмысына рефлексиясы	-берілген нұсқау бойынша әрқайсысына талдау жасау; -оқушылардан бастап кері динамика бойынша саралау	Өзінеің сабақтарына саралама жасау
7 апта	ББ мекеменің педагог-психологтың жұмысының орындалуы	ББ мекеменің өтініші бойынша психодиагностикалық, консыльтациялық жұмыстарын атқару	конспектеу

Тәжірибенің мазмұны:

Студенттердің педагогикалық практикасы негізінде психология-педагогикалық және арнайы пәндерге тереңдету және баю жатқан кәсіби қызметтің қалыптасуына, кәсіби дағдылар мен икемдерді игеру, кәсіби-жеке сапалардың дамуына көмектеседі.

Практика студентке келешектегі іс әрекеттің саласында педагог жұмысының міндеттерімен және мазмұнымен танысуға, институтта теориялық және практикалық құжаттарды оқығанда алған білімдерін, икемдерін және дағдыларды тереңдетуге және бекітуге мүмкіндік береді. Болашақ педагог практикалық іс әрекетінің объектісі оқу-тәрбие қызметінің әртүрлі салаларында және оқушылардың мінез-құлқында көрінетін психология-педагогикалық құбылыстарды, процесстерді, жағдайлар болып табылады.

Педагогикалық практика мектептерде және білім берудің басқа мекемелерінде өткізіледі. Бұл кезеңде студенттер мұғалімдердің, сынып жетекшілерінің, тәрбиешілердің функцияларын орындайды, оқушылармен жеке жұмысты, қазіргі технологияларды пайдаланып әртүрлі сабақ түрлерін жүргізеді, сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмысын іске асырады.

Тәжірибе тарауларының орындалу нұсқаулары:

Практиканың өтетін алдында студент бағдарламаны мұқият оқып білу керек, сонымен қатар тәжірибе жетекшінің берілген арнайы тәжірибелік нұсқауларды орындауға дайын болу керек. Педагогикалық практиканың негізі бойынша студент- практикант пен практика жетекшісі екуінің нақты педагогикалық тәжірибеге арналған жоспар құрылу керек.

Бірінші аптасынан бастап студент білім беру мекемесімен, оның педагогтармен, топпен- сыныппен танысуы болады, яғни үйреншілік кезеңі басталады. Үйреншілік кезеңі эмоционалды- психологиялық қарбаластықпен өтуі мүмкін. Бұл жаңа ортаға келіп, таныс емес адамдармен қарым-қатынасуы. Практиканың бірінші күннен-ақ бастап келген білім беру

мекеменің ұйымдастыру ережелермен жақынрақ танысуы қажет. Оның ішінде практиканттың сырт бейнесі, сабақтан қалмауы, білім беру ережелерін сақтау, өзін-өзі мәдениетті ұстауы. Осы кезде бұрын өткен (II-III курста) тәжірибені қолдануы керек. Сынып ішінде дұрыс қарым-қатынас орнатқаннан кейін білім беру мен тәрбиелеу жағынан жетестіктерге жетуге болады. Сондықтан 1 аптасынан бастап сынып балаларман әңгімелесу арқылы дұрыс қарым-қатынасты орнату, басқа сабақтарға қатысу арқылы бақылау жұмыстарын жүргізу.

1 аптаның аяғында тәжірибе жұмысының жеке жоспары құрылу керек. Бұл жоспар курстың білім беруіне сай болу тиісті. Арнайы курс бойынша нақты тақырыптарды шешіп, олардың сағат санын, пән олардың ерекшелігін анықтау. Курс бойынша студент пен білім беру мекеменің психологы берілетін сабақтардың тақырыптарын, мерзімін, уақытын анықтау керек. Аталған барлық мағлұматтар студенттің тәжірибе жеке жоспарына кіру керек.

Педагогикалық тәжірибенің жеке жоспарының үлгісі:

Жоспарланған жұмыс түрлері (сабақтар, тыс сабақтар, психологманның нұсқауы бойынша жүргізілетін жұмыс)	Жоспарланған жұмыстың календарлық мерзімі	Орындалғанның бағасы
1. «Ес» тақырыбына арналған семинарлық сабақ	12.03.2014 ж.	орындалды

Келесі негізгі жағдай- жеке жоспарының құрылуы. Жеке жоспарды құрған кезде белгілеген мерзімі бойынша аудиториядан тыс шаралардың өтілуін талқылауы жатады. Аудиториядан тыс шаралардың ішіне әртүрлі психологиялық тренингтерді, психологиялық викториналар, т.б. түрлерін ұсынуға болады. Егер тәжірибелікті бір уақытта бір неше студент өтсе, сонда олардың білімдерін бірігуі арқылы психология пәні бойынша олимпиадаларды, «психология пәннің апталығы» өткізуге болады.

Сонымен қатар педагогикалық тәжірибенің жеке жоспарында жұмыстың негізгі түрлерін (сабақ, сабақтан тыс шаралар) және жұмыстың ағымды түрлерін (әдіскер мен мұғалімнен ақыл-кеңес алу, оқушылармен әңгімелесу) кіргізу керек.

Апта сайын университеттің әдіскер мен оқытушының кеңес сабақтарына қатысады. Бұл кеңестерде практика бойынша пайда болған қиындықтардың талдауы мен саралауы, олардан жеңіп шығатын жолдарын қарастыру, келешекте өткізетін сабақтардың, сабақтан тыс шараларының жоспарларын құрастыру. Әдіскердің кеңесі үйрететін, дамытатын, бақылайтын қызметін атқарады.

Өзінің бірінші сабағын студент оның басталуына 4 күн кем қалмайтын уақытта дайындау керек. Дайындықты берілген ұсыныстар бойынша өткізілуі қажет: тақырыптық жоспарлау (мұғаліммен бірге дайындалу керек, сабақ сайын әрқарай құрастыруды студент өзбетінше жүргізу керек), сабаққа дайындылық жүргізу (оқулықтарды, қажетті, қосымша әдебиетті оқу,

практикалық тапсырмаларды, арнайы сұрақтарды қарастыру, сабақ жоспарын құрастыру), сабақ жоспарын мекеменің психологтың бекітуі, қажет болса сабақ жоспарының түзетуі.

Практика бойынша студент кем дегенде 4 сағат (академиялық) өткізу керек. Тәжірибелік күнделігінде күн сайын өзінің күні бойы істеген жұмысының қысқаша мәліметтер жазылу керек. Өткізген жұмысының негізгісі ғана жазылуы қажет.

Тәжірибе кезіндегі студенттің міндеті:

Педагогикалық практикасының белгіленген апталар бойы қатысу керек. Кредиттердің саны- 5, практиканың мерзімі- 7,5 апта, жалпы – 150 сағат.

1. практика бағдарламасында қарастырылған тапсырмаларды орындауға;

2. практика объектісіндегі ішкі тәртіп ережелеріне бағынуға, еңбек қорғау тәртіптерін, қауіпсіздік және сонитария ережелерін қадағалауға;

3. құралдарды, құжаттарды ұқыпты ұстауға;

4. таңдаған мамандық бойынша теориялық білімдерін бекіту, жұмыстың практикалық икемдерін меңгеру;

5. практика барысында практика жетекшісі қол қоятын және есеп беру құжаты болып табылатын бақылау күнделігін жүргізуге;

6. практика біткеннен кейін барлық тапсырмаларды әдістемелік жұмыстардың орындалуын және практика барысында өткізілетін өндірістік және педагогикалық зерттеулердің нәтижелері туралы есеп беруге.

Практика өткен кезде студенттердің біреу топтың басқарушысы боп тағайындалады. Топ басқарушысының міндетіне студенттердің практикаға қатынасуы, жалпы топтың жұмысының ұйымдастыруы, практика жетекшінің нұсқауын орындалуын қадағалауы.

Педагогикалық тәжірибенің есеп беруіне қажетті құжаттар:

1. тәжірибе өткен кездегі есеп беруінің титул беті.

2. Тәжірибе күнделігі.

3. Сабақтарның толық сабақ жоспары мен әдіскерлік түсініктермен және дидактикалық материалдармен.

4. Қатысқан сабақтың психологиялық талдау.

5. Практика бойынша есеп беруі.

Қорытынды конференцияның есеп беруінің дайындылығы мен ауызша сөз сөйлеуге арналған ұсыныстар:

Практиканың соңында өтетін есеп беру жұмысында өзінің практикалық жұмысының мақсаты мен міндеттерден тұжырымдалып, өткен әлеуметтік мекеменнің қысқаша мінездемесімен, тәжірибе өткен кезде адамдардың бағалануы, өткізген шаралардың жалпы сипаттамасы.есеп берудің мәтінді Microsoft Word бойынша және А- 4 форматтың бір жағынан жазылып, 1800 белгімен беріліп, Times New Roman шрифпен бастырылады. Өлшемі-14 пт.,

дара интервалы, сол жақтан, жоғарғыдан, астынан – 2,0 см; оң жағынан-1,0 см; абзац- 1,25 см.

Есеп беру келесі элементтерден және негізгі ережелерге сай болып, мазмұнына сай ұсынулуы керек:

Кіріспе:

- Тәжірибенің мақсаты, орыны, басталу мерзімі, ұзақтылығы;
- Тәжірибе бойынша өткізген негізгі жұмысының және тапсырмалардың тізімі.

Негізгі бөлімі:

- Тәжірибе бойынша ұйымдастыру жұмысының түсініктемесі;
- Тәжірибе өткен кездегі студенттің орындаған мақсаттардың түсініктемесі;
- Жоспарланған тапсырмалардың орындалмаған кездерінің тізімі.

Қорытынды:

- Тәжірибе бойынша алған білімдер мен дағдылардың түсініктемесі;
- Мекеменің ұйымдастыру, жетілдіру жұмыстарына байланысты ұсыныстарды беру,
- Өткізген тәжірибе түрінің қажеттілігінің жеке қорытынды жасау.

Есеп беру әртүрлі кестелермен, сызбалармен, толтырған қағаздармен әшекейленген болу мүмкін.

Жазылған мәтіннің және әшекейленген кестелердің, көшірмелердің сапасы жақсы болу тиіс.

Есеп беруді жазған кезде жазғанның біркелкілігі, анықтылығы болу керек.

Жазған кезде мекеменің, адамның аты-жөні басқа жалқы есімдер қай тілде жазылса, сол тілде болу керек.

Қорытынды конференцияға 5 минуттік баяндама жасап, өз тәжірибелік жұмысы бойынша істегенін баяндап, нәтижесіне байланысты өз көзқарасын айтқызуы жатады.

Білімді бағалау тәртібі.

Студенттің есеп беруі тәжірибе жетекшісімен тексеріліп, кафедра жетекшісінің бұйрығымен құрылған комиссия алдында қорғалынады. Қорытынды баға шығарғанда практика бойынша тәжірибе жетекшісі қойған бағасы жалпы бағаның 40% құрайды, ал комиссия алдында қорғаған кездегі есеп берудің жалпы бағаның 60% құрайды. Есеп берудің қорытынды бағасы дифференциалды сынақ бойынша әріптік- рейтинг ұпайы арқылы белгіленеді.

Белгіленген кезде мына ерекшеліктерге көңіл бөлу қажет:

- Пікірге көңіл бөлуі;
- Күнделіктің мазмұны мен оның таза жүргізуі;
- Есеп берудің сапасы,
- Қорытынды конференциядағы сөз сөйлеуі.

Егер есеп берудің тапсыру мерзімі бұзылса, берілген тапсырмаларды толық орындамаса, күнделік дұрыс және таза толтырылмаса, онда қорытынды бағаса да төмендейді.

Білім алушылар білімін бағалау критерийлері:

95-100. А «Өте жақсы» - күнделіктегі жазбалар мазмұны тәжірибе тапсырмаарына сәйкес келеді, білім алушылардың оларды орындауға шығармашылық тәсілін бейнелейді, есепке тәжірибе материалдары (мектеп оқушылары диагностикасының қорытындылары, сыныптан тыс шараларды, сабақтардың конспект-жоспарларын, олардың талдауын әзірлеу, тәрбиелік жұмыстың жоспары және т.б.), білім алушының тәжірибесін сынып жетекшісі, пән мұғалімі, мектеп психологы жоғары бағалады, білім алушы есебінде тәжірибенің қысқа мазмұны, міндеттері мен мақсаттары көрініс табады.

90-94. А- «Өте жақсы» - күнделіктегі жазбалар мазмұны тәжірибе тапсырмаарына сәйкес келеді, білім алушылардың оларды орындауға шығармашылық тәсілін бейнелейді, есепке тәжірибе материалдары (мектеп оқушылары диагностикасының қорытындылары, сыныптан тыс шараларды, сабақтардың конспект-жоспарларын, олардың талдауын әзірлеу, тәрбиелік жұмыстың жоспары және т.б.), білім алушы есебінде тәжірибенің қысқа мазмұны, міндеттері мен мақсаттары көрініс табады.

85-89. В+ «Жақсы» - күнделіктегі жазбалар мазмұны тәжірибе тапсырмаларына сәйкес келеді, тапсырмалардың көбірегі жоғары шығармашылық деңгейде орындалған, есепке тәжірибе материалдары (мектеп оқушылары диагностикасының қорытындылары, сыныптан тыс шаралар, сабақтардың конспект-жоспарлары, олардың талдау зерттемелері, тәрбиелік жұмыстың жоспарлары және т.б.) қоса беріледі, білім алушының тәжірибесін сынып жетекшісі, пән мұғалімі, мектеп психологы жоғары бағалады, білім алушы есебінде тәжірибенің қысқа мазмұны, міндеттері мен мақсаттары көрініс табады.

80-84. В «Жақсы» - күнделіктегі жазбалар мазмұны тәжірибе тапсырмаарына сәйкес келеді, тапсырмалардың көбірегі жоғары шығармашылық деңгейде орындалған, есепке тәжірибе материалдары (мектеп оқушылары диагностикасының қорытындылары, сыныптан тыс шаралар, сабақтардың конспект-жоспарының талдамасы, тәрбиелік жұмыстың жоспарлары және т.б.) қоса беріледі, білім алушының тәжірибесін сынып жетекшісі, пән мұғалімі, мектеп психологы жақсы бағалады, білім алушының есебі тәжірибенің міндеттері мен мақсаттарына сай келеді.

75-79. В- «Жақсы» - күнделіктегі жазбалар мазмұны тәжірибе тапсырмаарына сәйкес келеді, есепке тәжірибе материалдары (мектеп оқушылары диагностикасының қорытындылары, сыныптан тыс шаралар, сабақтардың конспект-жоспарының талдамасы, тәрбиелік жұмыстың жоспарлары және т.б.) қоса беріледі, білім алушының тәжірибесін сынып жетекшісі, пән мұғалімі, мектеп психологы жақсы бағалады, білім алушының есебі тәжірибенің міндеттері мен мақсаттарына сай келеді.

70-74. С+ «Қанағаттанарлық» - күнделіктегі жазбалар мазмұны тәжірибе тапсырмасына жеткілікті деңгейде сәйкес келеді, тәжірибелік қызметінің материалдары бар: өткізілген сабақтардың конспект-жоспарлары, жүргізілген тәрбиелік жұмыстың материалдары, білім алушының тәжірибесін сынып жетекшісі, пән мұғалімі, мектеп психологы қанағаттанарлық бағалады, есеп білім алушы жұмысының барлық басты бағыттары бойынша құрастырылған.

65-69. С «Қанағаттанарлық» - күнделікте тәжірибе тапсырмасын орындағаны туралы жазбалар бар, тәжірибелік қызметінің материалдары бар: пән мұғалімдерінің бағасымен, өткізілген сабақтардың конспект-жоспарлары, жүргізілген тәрбиелік жұмыстың материалдары, білім алушының тәжірибесін сынып жетекшісі, пән мұғалімі, мектеп психологы қанағаттанарлық бағалады, білім алушының толық есеп бар.

60-64. С- «Қанағаттанарлық» - күнделікте тәжірибе тапсырмасын орындағаны туралы жазбалар бар, тәжірибелік қызметінің материалдары үзінділермен берілген: пән мұғалімдерінің бағасымен, өткізілген сабақтардың конспект-жоспарлары, жүргізілген тәрбиелік жұмыстың материалдары бар, білім алушының тәжірибесін сынып жетекшісі, пән мұғалімі, мектеп психологы қанағаттанарлық бағалады, қысқа есеп бар.

55-59. D+ «Қанағаттанарлық» - күнделікте тәжірибе тапсырмасын орындағаны туралы жазбалар бар, тәжірибелік қызметінің материалдары үзінділермен берілген: пән мұғалімдерінің бағасымен, өткізілген сабақтардың конспект-жоспарлары, жүргізілген тәрбиелік жұмыстың ішінара материалдары бар, есепте тәжірибенің негізгі мазмұны қысқаша баяндалған.

50-54. D «Қанағаттанарлық» - күнделікте тәжірибе тапсырмасын орындағаны туралы жазбалар бар, тәжірибелік қызметінің материалдары үзінділермен берілген: пән мұғалімдерінің бағасымен, өткізілген сабақтардың конспект-жоспарлары, жүргізілген тәрбиелік жұмыстың ішінара материалдары бар, есепте жұмыстың басты бағыттары баяндалған.

0-49. F «Нашар» «Қанағаттанарлық» - күнделіктегі жазбалар мазмұны тәжірибе тапсырмасына сай келмейді, тәжірибелік қызметінің материалдары лекцияның конспект-жоспарлары, мектептен тыс шаралардың талдамалары берілмеген, тәжірибе бойынша есеп жоқ.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1 Абдуллина О.А., Загряжкина Н.Н. Педагогическая практика студентов. – М., 2009. – 173 с.

2 Практика как основа профессиональной подготовки педагогов учебно-воспитательных учреждений. Алма-Ата, 2011. – 77 с.

3 Психологические основы педагогической практики студентов / Под ред. А.С. Чернышова. – М., 2010. – 139 с.

4 Психолого-педагогическая практика в системе образования / Ермолаева М.В., Захарова А.Е., Калинина Л.И., - М., 2009. – 288 с.

5 Соколова Н.Е., Михальчик Т.С. Методические указания к организации и проведению педагогической практики студентов – заочников педагогических институтов. М., 2012. 64 с.

Қосымша:

1 Вопросы практической психодиагностики и консультирования в вузе. / Под ред. Н.Н. Обозова. – Л., 1984. – 152 с.

2 Изучение личности школьника учителем / Под ред. З.И. Васильевой. – М., 1991. – 136 с.

3 Ингенкамп К. Педагогическая диагностика. – М., 1991. – 240 с.

4 Практикум по психологии / Под ред. А.И. Щербакова. – Л., 1970.

5 Психологическая диагностика / Под ред. К.М. Гуревича. – М., 1981. – 232 с.

6 Психологический анализ урока / Под ред. Н.Ф. Добрынина. – М., 1952. 119 с.

7 Психологический практикум в школе. – М., 1979. – 109 с.

8 Психолого-педагогические аспекты анализа урока в школах инновационного типа / Масырова Р.Р., Линчева А., Алматы, 1998. – 159 с.

9 Рогов Е.И. Настольная книга практического психолога: В 2 кн. – М., 1999. – 382 с.